

Ресми рецензент, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Садулова Жайнагүл Кемаладинқызының «Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде)» деген тақырыпта жазған диссертациялық жұмысына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертация тіл білімінің әлеуметтік-лингвистика, психолінгвистика салаларының даму бағыттарына және 1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы; 2. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына; 3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының тұжырымдамасына; 4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына; 5. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына; 6. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы сияқты Қазақстан Республикасы заңдарына, тұжырымдамаларына, мемлекеттік стандарттар мен жобаға сәйкес дайындалған. Диссертация Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) бекіткен ғылым дамуының 10 басым бағытының Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес келеді (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Ұлы даланың байырғы халқы қазақтармен осы жерге әр кезеңде қоныс аударған түрлі ұлттардың өкілдері қатар өмір сүріп жатқан Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Алайда шығысы мен батысының арасы 3000 шақырымға жуық, оңтүстік пен солтүстік шекараларының арасы 1650 шақырым болатын ұланғайыр аумақты алып жатқан еліміздің білім беру мекемелеріндегі ахуалды тұтас алып қарау мүмкін болмас еді. Сондықтан зерттеу жұмысында нақты бір өңірдің тілдік жағдаяттың бөлініп алып қарастырылуы орынды. Солай болғанның өзінде бір диссертацияда батыс өңірінің Ресей, Өзбекстан, Түркменстан тәрізді көрші республикалармен шекараласатын төрт облысын қамту да өте ауқымды жұмыс. Жалпы батыс

			өңірінің осындай геосаяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерінің өзі ондағы тілдік ахуалды терең зерттеу қажет екенін көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде зерттеу нысаны өзекті мәселеге арналып, нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Сол себепті ғылыми жұмыстың маңыздылығы еш күмән туғызбайды. Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосқан.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертацияның кіріспесінен қорытындысына дейін автордың өзіндік сөз саптау ерекшелігі, жеке баяндау стилі, өз қолтаңбасы айқын байқалып тұр. Тілі жатық, баяндау мәнері байыпты, ғылыми стиль талаптары сақталған. Өзі жазу деңгейі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның 8-9-беттеріндегі зерттеудің өзектілігі негізделген тармақшада: «Ғаламдық мәдени әртүрлілік жағдайында халықаралық қатынастар мен кәсіби коммуникацияға қатысу үшін бір немесе екі тілді емес, үш және одан да көп тілді меңгеру қажеттілігі» атап көрсетілумен қатар: «Көптілді білім беруді енгізу үдерісі бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық қайшылықтарды туындатуда. Бір жағынан, ол мәдени және білім беру кеңістігінің дамуына серпін беретін маңызды фактор болып саналса, екінші жағынан, мемлекеттік тілдің қоғамдық беделіне, ана тілін меңгеру деңгейіне және сапалы білім алуға қолжетімділікке белгілі бір дәрежеде әсер етуде. Сонымен қатар, тілдік тепе-теңдіктің бұзылуы мен тілдік сәйкестіктің әлсіреуі сияқты мәселелер байқалуда» деп жазылады. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде айқын көрініп отырған жағдай. Жағдайдың солай екеніне және мәселенің ұлт мүддесі үшін өзекті болып отырғанына еш күмән жоқ. Сондықтан Қазақстандағы көптілді білім берудің әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін зерттеудің өзектілігі объективті, шынайы негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындап, зерттеудің аты мен заты сәйкесіп тұр. Тақырыптан ауытқушылық байқалмайды. Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері негізгі тақырыпты жан-жақты ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің алға қойған мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді. Міндеттері мақсатқа жетуді көздей отырып белгіленген. Зерттеу кіріспесінде атап көрсетілген 4 міндет – көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және олардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу мақсатына сай анықталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның «Қазақстан Республикасы тілдік жағдаятындағы көптілділік пен көптілділіктің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері», «Көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық негіздері», «Орта және жоғары білім беру салаларында көптілді білім беру жағдайы» деп аталатын үш тарауы зерттеу тақырыбын жан-жақты талдауға бағытталған. Диссертацияның негізгі бөлімдері де, олардың тарау, тақырыпшалары да өзара байланысып, бір-бірінен туындап, бірін-бірі толықтырып, өзекті ойды үзбей жалғасып отырады. Жұмыстың ішкі құрылымдық, логикалық байланысы жақсы сақталған. Зерттеудің құрылымдық-мазмұндық тұтастығы оның бөлімдері мен ережелерінің толық логикалық байланысын қамтамасыз еткен.

			Зерттеу жұмысының ішкі бірлігінің бұзылмауы ережелердің де логикалық байланысының үзілмеуіне негіз болған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант өз тарапынан ұсынған әр шешімін, тұжырым, қағидаттарын өзіне дейінгі ғалымдар тарапынан жасалған шешімдермен салыстыра қарастырылып, нақты дәлелдер келтіріліп отырады. Зерттеу жұмысының әр бөліміндегі салыстыра-салғастыра бағалау, сыни талдау бар. Солардың қатарына қорытындыдағы: «Табиғи және жасанды қостілділіктің білім беру үдерісіндегі әлеуметтік-лингвистикалық қырларын талдау барысында қазіргі зерттеушілердің көптілділіктің толыққанды теориясының болмауына байланысты қостілділік теориясына, оның терминологиясына мен типологиясына сүйенетіндігі айқындалды» (138-б.) деген сияқты сыни талдау негізделіп жасалған пікірді қосуға болады. Дегенмен диссертант көбінесе жеке пікірін, түйіндерін өзіне дейінгі зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып жеткізеді. Мысалы: «Біздің елімізде қостілділіктің барлық түрлері бар деп санаймыз» (26-б.). «Біздің ойымызша, көптілді білім берудің оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде озық педагогикалық практикамен бекітілген ғылыми зерттеулердің қорытындыларына негізделген бірыңғай қағидаттар мен стратегияларды ұстану қажет» (57-б.), «Бұл жағдай, біздің ойымызша, респонденттердің аталмыш саладағы үрдістер туралы ақпараттану деңгейінің төмендігімен байланысты» (98-б.) және т.б.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері жеке алынып, арнайы қарастырылып отырғандықтан осы өңірлерге тән мейлінше тың мәліметтер, жаңа нәтижелер алынған. Диссертация қорытындылары толығымен жаңа деуге негіз бар. Мысалы: «Оқушылардың арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде 78,7% респондент қазақ және ағылшын тілдерін мәртебелі тіл әрі ақпарат алу құралы ретінде таңдаған. Бұл көрсеткіш орыс тілінің жастар арасында білім алу тілі ретінде өз маңызын төмендетіп келе жатқанын аңғартады» (138-б.) деген бір ғана қорытындыны алсақ, соған көз жеткізуге болады. Бұл нақты әрі жаңа қорытындылардың бірі. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері негізінен жаңа. Олар жақсы негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер, гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның әр бөлімінің соңында тұжырымдар жасалып, соңында қорытынды беріледі. Осы негізгі тұжырым, қорытындылардың барлығы да нақты тілдік деректермен, сауалнамалар арқылы жинақталған мәліметтермен және зерттеушілердің нақты сол мәселеге қатысты ғылыми пікірлері, келген тоқтамдары мен дәлелдері салыстырыла отырып негізделеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.1. Зерттеушінің ғылыми теориялық таяныштары берік. Жасаған тұжырымдары мен практикалық мақсатта пайдаланылуға арналған ұсыныстары

		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	тілдік деректерге, нақты статистикалық мәліметтерге негізделген. 7.2. Тривиалды емес, себебі қағидаттың жаңалығы дәлелденген. 7.3. Диссертанттың Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін зерттеудегі ізденістері жаңа. 7.4. Зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі 4 облыспен ғана шектелмейді. Ондағы тұжырымдар мен шешімдерді, алынған мәліметтерді басқа өңірлердегі тілдік ахуалды зерттеуде де салыстыра пайдалануға болады. Оның сыртында әлеуметтік лингвистика мен тіл саясатына қатысты арнаулы курстарда да зерттеу қорытындылары мен мәліметтері іске жаратыла алады. 7.5. Зерттеу тақырыбына қатысты жарияланған 9 ғылыми мақалада ұсынылған қағидаттары мамандар пікірлері мен сауалнама деректері негізінде дәлелденген, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ. 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	8.1. Иә. Зерттеуде басшылыққа алынған әдіснама негізделген. Иә. Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Қазіргі заманғы зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу, интерпретациялау әдістері қажетіне қарай пайдаланылған. Сондай-ақ зерттеу барысында әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама, математикалық және статистикалық өңдеу, жинақтау, салыстыру, талдау әдістері пайдаланылады. Иә. Диссертациядағы теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар, заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденіп, расталған. Зерттеу әлеуметтік лингвистика саласы бойынша жүргізілгендіктен оқу үдерісіне, білім беру кезіндегі тілдердің орны мен рөліне де ерекше мән беріледі. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде Б.Х. Хасанов (1976, 1987, 1989, 1990, 1992, 2006, 2013), А.Е. Карлинский (2011), Э.Д. Сүлейменова (1989, 1992, 2002, 2005, 2011), Б.Ж. Құрманова (2001, 2002, 2023), А.М. Абасилов, А.Ш. Ақжігітова (2013), З.К. Ахметжанова, С.Қ. Құлманов (2022), С.С. Кенжемұратова (2018), А. Утегенова (2020, 2024),

			Н.Г. Шаймерденова (2002, 2005, 2016), О.Б. Алтынбекова (2006), Н.М. Жанпейісова, Ж.Т. Уталиева (2009), С.Ж. Баяндина (2014), Қ.Т. Өтегенова (2014), С.А. Асанбаева (2015) және шетелдік зерттеушілер U. Weinreich (1953), A. Martinet (1965, 1975), J. Mac Namara (1967), E. Haugen (1972), Л.В. Щерба (1974), В.А. Аврорин (1975), R.T. Bell (1980), Jasone Cenoz, (2001, 2013), D. Zappatore (2003), C. Nitsch (2003), P. Auer (2008), L. Wei (2008, 2011), R. Franceschini (2009), D. Singleton (2011), Л.М. Хусаинова (2015), О.В. Легостаеваның (2014, 2015), С. Vallejo (2018) және т.б. ғалымдардың, әлеуметтік лингвистика мамандарының еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық, шетелдік авторлар мен электрондық дереккөздерді қосқанда 148 әдебиет пайдаланылған. Осы әдебиеттерге диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарға сай сілтемелер жасалған. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері көрнекі ақпаратпен толықтырылған. Диссертацияда 35 кесте, 12 сурет берілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Еліміздегі көп тілде білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері осы уақытқа дейін диссертациялық жұмыс деңгейінде арнайы зерттеліп, жан-жақты зерделенген емес. Бұл біздің еліміз, білім беру жүйеміз үшін өте өзекті мәселе. Осындай өзекті тақырыптың әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан арнайы қарастырылып, ғылыми тұрғыдан сарапталып, бірқатар тұжырымдар жасалуының теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдар республикадағы көп тілде білім беру жүйесін жолға қоюға қажет болумен қатар көп тілде білім берудің әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық, лингвистикалық негіздерін теориялық тұрғыдан толықтыруға, бекітуге және ұғымдық аппаратын жетілдіре түсуге септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Бұл зерттеу жұмысының нәтижелерін батыс өңірінде көп тілде білім беру ісін ғылыми негізде жолға қою, тілдерді оқытудың реті мен жүйесін жетілдіру барысында қолдану мүмкіндігі жоғары. Түрлі сауалнамалар негізінде алынған мәліметтерді қорытып, сараптау арқылы жасалған нақты тұжырымдардың практикалық құндылығы күмән келтірмейді. Сонымен қатар ол нәтижелерді әлеуметтік лингвистика пәні мен басқа арнаулы курстар бойынша жазылатын оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерді толықтыру үшін де пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Батыс өңіріндегі көптілді білім беру мәселесі осы диссертацияда алғаш қарастырылып отырғандықтан, алынған нәтижелер де, соған сәйкес зерттеуші тарапынан жасалған ұсыныстардың басым бөлігі толығымен жаңа. Тұтастай алғанда диссертацияның практикалық, қолданбалы сипаты жоғары екенін айтуға болады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеушінің академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация талапқа сай рәсімделген. Кейбір стильдік кемшіліктер, бірді-екілі орфографиялық қателер байқалып қалады. Бірақ олар зерттеу жұмысы тілінің жалпы сипатына тән емес, ішінара кездесетін жағдайлар. Олар біздің пікіріміздің 11-ші тармағында көрсетілді.

11.	Диссертацияға ескертулер		1. Кейбір сөздер диссертацияда кейде бірге, кейде бөлек жазылады. Мысалы: <i>әр түрлі</i> (26, 44, 55, 62, 63, 67, 105), <i>әртүрлі</i> (24, 65, 67), <i>шеттіл</i> (47, 48, 49, 55), <i>шет тілі</i> (55, 62), <i>қостілділік</i> (2, 4, 9, 141, 12, 14, 15...129 және т.б.), <i>қос тілділік</i> (63), <i>тәжік тілді</i> (43), <i>қазақ тілді</i> (90), <i>қазақтілді</i> (118, 132, 133) <i>орыс тілді</i> (90), <i>орыстілді</i> (118), <i>ағылшын тілді</i> (130). Осы тәрізді бір сөздің немесе бір типті сөздердің қазіргі қолданыстағы орфографиялық нормаға сәйкес біркелкі жазылғаны дұрыс. Айталық, диссертациядағы тірек терминдердің бірі «қостілділік» терминіні 50-ден астам бірге жазылып, «Дж. Камминс аддитивті қос тілділік (бірінші тіл мен екінші тіл қосылған алғашқы мәдениеттің дамуын жалғастыру) пен субтрактивті қос тілділік (бірінші тіл мен мәдениетке байланысты екінші тілді қосу) арасын ажыратады» (63-б.) деген сөйлемде екі рет бөлек жазылған. 2. Әрі қарай автор метадағдылар (метаскилл) мен күзіреттіліктерді дамыту үшін коммуникативті оқыту ресурстарының көлемін анықтады, олардың ішінде метатілдік, метасөйлесімдік, метапрагматикалық және метаконтекстуалдық күзіреттіліктер бар. Олар ұсынылған тұжырымдамаға жаңа көзқарас қосады [108, р. 222]. Біздің көзқарасымыз бойынша, мақсатты тілдерді оқытуда академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары ұсынған этнолингводидактикалық тәсіл тағы бір болашағы зор тәсіл <i>болып табылады</i>. Ұсынылған тәсілдің мәнін авторлар осы түсініктің әдіснамалық принциппен арақатынасын анықтау негізінде ашады. Этнолингводидактикалық тәсіл көптілді білім беру проблемаларын бөліп көрсетуге, көптілді және көпмәдениетті қоғамдастық қызметінің нақты әлеуметтік-лингвистикалық жағдайларында оларды шешу стратегиясын айқындауға мүмкіндік беретін іргелі қағидаттардың, мамандандырылған әдістер мен нақты құралдардың жүйелі жиынтығы <i>болып табылатыны</i> көрсетілген (51-бет). Зерттеу жұмысының 50-51-беттерінде осы абзац қайталанып, екі рет берілген. 3. Диссертациядағы: <i>мәдени-тариха</i> (22-б.); Тілдік үстемдік ұғымы, біздің көзқарасымыз бойынша көпөлшемді құбылыс, өйткені ол <i>көптеген түрлі</i> мәселелерді қамтиды (23-б.), М. Жүсіповтың пікірі бойынша «егер де екі және көптілді орта білім беруді <i>оқытылп</i> жатқан тілдер саны бойынша орналастырсақ, Қазақстанда үштілді білім берілуде деп айта аламыз (43-б.); батыс <i>кңірінде</i> (72), үлкен жұмыстар атқарылуды (79) сияқты бірді-екілі орфографиялық, стильдік қателердің түзетілгені жөн.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Зерттеу жұмысының негізгі мазмұнын қамтитын 2 мақала Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында, 2 конференция жинағында, барлығы 9 мақала жарияланған. Осы жарияланымдардың барлығы да зерттеу тақырыбына тікелей қатысты. Мақалалардың ғылыми деңгейі талапқа сай.

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қорыта айтқанда, «Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде)» атты диссертациялық зерттеу ««6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары. Сол себепті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Садулова Жайнагүл Кемаладинқызына «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Рецензент,

Шерубай Курманбайұлы

Абай атындағы ҚазҰПУ,

ҚР ҰҒА академигі,

филология ғылымдарының докторы,

профессор

